

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

23.04.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№16

город Алматы

Алматы қаласының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің 02.04.2021 ж.
№ 15 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі №14 «Кәсіпкерлік объектілерінде «ASHYQ» мобильдік қосымшасын енгізу бойынша пилотты өткізу туралы» қаулысын орындау үшін **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттарды іске асыру жөніндегі Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 02.04.2021 жылғы №15 қаулысындағы 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

2. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰКП Алматы қаласы бойынша филиалы (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекеме басшылары қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыдағы 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген кәсіпкерлік объектілеріндегі қатысушыларды кеңейте отырып, «ASHYQ» пилоттық жобасын іске асыруды жалғастыруды;

2) «ASHYQ» жобасына қатысатын кәсіпкерлік объектілерінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу критерийлерін қолдану және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 14 қаулысына сәйкес жаңа қатысушыларды қосу алгоритмін қолдану арқылы жүзеге асыруды;

3) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 14 қаулысына 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген алгоритмдерге сәйкес «сары/қызыл» мәртебесі бар келушілер анықталған кезде «ASHYQ» жобасына қатысушыларды алып тастау және шаралар қабылдауды;

4) Алматы қаласында жобаға қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін AppStore және PlayMarket-те жүктеу үшін қолжетімді «ASHYQ» мобильді қосымшасын пайдалану қажеттілігі туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттандыруды;

5) әкімдіктердің сайтында ерікті қатысушыларды қоса алғанда, «ASHYQ» жобасына қатысушылар туралы ақпаратты орналастыруды;

6) барлық меншік нысанындағы зертханалардың COVID-19-ға ПТР-тестілеу нәтижелері бойынша зертханалық ақпараттық жүйелерге мәліметтерді уақтылы енгізуді және оларды «Ұлттық сараптама орталығының» бірыңғай ақпараттық порталына (ҰСО БАП) беруді;

7) Call-орталықтарын ұйымдастыру арқылы халықты және кәсіпкерлерді оқыту бойынша техникалық қолдауды;

8) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және осы қаулыда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін қолданыстағы заңнамада көзделген жауапкершілік туралы жобаға қатысушылардың назарына жеткізуді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 24 сәуірінен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласының

Бас мемлекеттік

санитариялық дәрігері



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
23 сәуірдегі № 16 қаулысына
1-қосымша

**Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілердің
жұмысын шектеу өлшемшарттары**

№	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру ұсынылады)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, тұрмыстық үй-жайларда байланыстарды болдырмау шартымен рұқсат етіледі
2.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша қызметтер және т. б.)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
3.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
4.	Гүл дүкендері, фотосалондар	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
5.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
6.	Мұражайлар, зоологиялық саябақ	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, шектеусіз
7.	Саябақтар, скверлер, жаяу жүргіншілер аймақтары, аллеялар, бульварлар, алаңдар және басқа да демалыс орындары	- Жібек Жолы даңғылында Абылай хан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін аптаның демалыс күндерінде жаяу жүргіншілердің жүруіне тыйым салу;

		- олардың аумағында жұмысты шектеумен: 1) сенбі және жексенбі күндері қоғамдық тамақтану және ұсақ бөлшек сауда объектілері - жазғы алаңдарды, «ASHYQ» жобасына қатысушы-қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда, сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс режимімен жұмысқа тыйым салу. 2) жұмыс күндері жұмыс режимі 07.00-ден 22.00-ге дейін болатын қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмыс күндері 2 м. арақашықтықты сақтай отырып, залдағы 50% - дан аспайтын және 30-дан аспайтын отыратын орын және жазғы алаңдарда 50 орын, қызмет көрсетуші персоналдың бетперде мен қолғаптағы жұмысы кезінде үстелдер арасында; -жұмыс күндері 07.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс режимі бар ұсақ бөлшек сауда объектілері, әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін 2 м-ден кем емес әлеуметтік қашықтық және іргелес аумақта белгілер қойылып, бетперде киіп, қолды тері антисептиктерімен міндетті түрде жуумен қызмет көрсетіледі.
8.	Қала ішінде және одан тыс жерлерде жаппай көшеттер отырғызу	тек мамандандырылған қызметтерге рұқсат етіледі
9.	Кітапханалар	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде шектеусіз
10.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер, зоодүкендер(оның ішінде СОСО-да орналасқандары)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 24.00-ге дейін
11.	Азық-түлік емес дүкендер, оның ішінде құрылыстық	жұмыс уақытын шектеу сағ. 10.00 ден 20.00-ге дейін
12.	Балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары, мектептерден тыс үйірмелер (бал	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, 10 адамнан көп емес топтар

	билері, музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету және т.б.).	толтырылған кезде (1 адамға 4 ш.м. кем емес), алдын ала жазылу бойынша.
13.	Шаштараздар, косметологиялық және сұлулық салондары орналасқан жеріне қарамастан	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау, антисептикалық құралдарды пайдалану кезінде, жазба бойынша, толтырылатынынан 50% артық емес
14.	Супермаркеттер, гипермаркеттер, тамақ өнімдерін сататын сауда желілері	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде, 1 келушіге 4 ш. м. қамтамасыз ету, жұмысты 06.00-ден 02.00-ге дейін шектеу
15.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	Маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау, антисептикалық құралдарды пайдалану кезінде, толтырылуы 50%-дан артық емес
16.	Ашық базарлар (азық-түлік және әмбебап), сондай-ақ жабық азық-түлік базарлары	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды пайдалануды қатаң сақтай отырып және санитарлық патрульдерді ұйымдастыра отырып (жексенбіден басқа) рұқсат етіледі
17.	Жабық әмбебап (азық-түлік емес) базарлар	1 келушіге кемінде 4 ш. м. толтырумен, маскалық режимді, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтаумен және антисептикалық құралдарды пайдаланумен және санитариялық патрульдерді ұйымдастырумен (сенбі және жексенбіден басқа) рұқсат етіледі
18.	СОСО және сауда үйлері	сенбі және жексенбі күдерінен басқа рұқсат етілген егу пункттері бар, жұмыс режимі сағат 08.00-ден 21.00-ге дейінгі объектілерді қоспағанда; жұмыс күндері-жұмыс режимін сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін шектеу, жұмыс күндері-жұмыс режимін шектеу сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін, 1 келушіге кемінде 4 ш. м. толтырумен, маскалық режимді,

		әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтаумен және санитариялық патрульдерді ұйымдастырумен антисептикалық құралдарды пайдаланумен 1 келушіге кемінде 4 ш. м. толтыра отырып, жұмыс режимін 10.00-ден 22.00-ге дейін шектеу
19.	Қоғамдық тамақтану объектілері (ғимараттағы), оның ішінде СОСО және СҮ-де орналасқан бөлек кіретін	сенбі және жексенбі күндері жазғы алаңдарды, шығару және жеткізу қызметтерін қоспағанда, жұмысқа тыйым салынады. Жұмыс күндері уақыты бойынша 7.00-ден 22.00-ге дейін шектеу үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және 30-дан аспайтын залда отыратын орын және жазғы алаңдарда 50 орын болған кезде; үй-жайды рециркуляторлармен жарактау кезінде залда 50-ге дейін отыратын орынға рұқсат ету
		«ASHYQ» пилоттық жобасының қатысушыларының жұмысы сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін. үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 50-ден аспайтын орын және жазғы алаңдарда 50 орын толтырылған кезде
20.	Жазғы алаңдарды қоса алғанда, халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар жанындағы қоғамдық тамақтандыру объектілері (қонақ үйлер, қонақ үйлер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	Сенбі және жексенбі күндері жазғы алаңдарды, шығару және жеткізу қызметтерін қоспағанда, жұмысқа тыйым салу. Жұмыс күндері уақыты бойынша шектеу сағат 7.00-ден 22.00-ге дейін үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 30 отыратын орыннан аспайтын және жазғы алаңдарда 50 орын.

		«ASHYQ» пилоттық жобасының қатысушыларының жұмысы сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін үстелдер арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, залда 50% - дан аспайтын және 50-ден аспайтын отыратын орын және жазғы алаңдарда 50 орын болған кезде; бөлмені рециркуляторлармен жабдықтаған кезде залда 50-ге дейін отыратын орынға рұқсат ету
21.	Сауда объектілерінің барлық түрлерінен онлайн – сауда (оның ішінде СОСО орналасқан)	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып, тек жеткізу үшін, уақыт шектеусіз
22.	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорттар	сенбі және жексенбі күндері- жұмысқа тыйым салу; жұмыс күндері-жұмыс режимін шектеу сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін тек СОСО және СҮ тыс жерлерге жеткізу және шығару,
23.	Отыратын орны жоқ қоғамдық тамақтану объектілері (стационарлық емес, жылжымалы)	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып, тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
24.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазба бойынша)	Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып, жазба бойынша
25.	Қоғамдық көлік (қалалық және қала маңындағы маршруттар)	штаттық кестеге сәйкес маска режимін сақтай отырып
26.	Банктер және де қаржы нарығының өзге нысандары, 20 және одан көп қызметкерлері болған жағдайда	Рұқсат етіледі, маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қызметкерлердің кемінде 40% - ы қашықтықтан жұмыс нысанына ауыса алатын филиалдарды (бөлімшелерді, пункттерді) қоспағанда, қызметкерлердің жалпы штат санының кемінде 60% - ын қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру қамтамасыз етілсін
27.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 15 баладан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде

28.	Технологиялық процесс қызметкерлердің жұмыс орнында болуын қажет ететін өнеркәсіптік, құрылыс және өзге де ұйымдарды және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен объектілер	80% - қашықтағы режим; 20% - күндізгі режим;
29.	Діни объектілер	Жеке және ұжымдық құдайға құлшылық етуге (Жұма намаздары, жексенбі қызметтері) тек діни объектілер аумағында (ашық ауада) толтырылуы 50%-дан және ұзақтығы 60 минуттан артық емес, әлеуметтік қашықтықты 1,5 метрден кем емес және маскалық режимді қатаң сақтай отырып, тиісті белгілерді орнатқанда ғана рұқсат етіледі
30.	Қоғамдық моншалар	Әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтап және антисептикалық құралдарды қатаң сақтап отырған «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда, тыйым салу
31.	Сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер	Әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтап және антисептикалық құралдарды қатаң сақтап отырған «ASHYQ» пилоттық жобасына қатысушыларды қоспағанда, тыйым салу
32.	Спорттық-сауықтыру және фитнес-орталықтар, соның ішінде йога-орталықтар.	тыйым салу, «ASHYQ» жобасына қатысушыларды қоспағанда, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды қатаң сақтай отырып
33.	Облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу, «ASHYQ» жобасына қатысушыларды қоспағанда,
34.	Боулинг-орталықтар	тыйым салу, «ASHYQ» жобасына қатысушыларды қоспағанда, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды қатаң сақтай отырып
35.	Компьютерлік клубтар	тыйым салу, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды пайдаланушы «ASHYQ» пилоттық

		жобасына қатысушыларды қоспағанда (16 жастан бастап)
36.	Бильярд клубтары	тыйым салу, «ASHYQ» жобасына қатысушыларды қоспағанда,
37.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысы (электричкалар)	жалпы вагондарсыз
38.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
39.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	тыйым салу
40.	Спорт объектілері мен кешендері	тыйым салу, аккредиттелген ҚР ҰОК құрама командалары мүшелерін даярлау үшін қоспағанда
41.	«Медеу» табиғи паркі	маска режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтаған кезде келушілерге рұқсат ету
42.	«Шымбұлақ» ТШК	маска режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 750 адамға дейін келушілерге рұқсат ету
43.	«Шымбұлақ» ТШК және «Медеу» демалыс аймақтарының қоғамдық тамақтану объектілері	Сенбі және жексенбі күндері жазғы алаңдарды, шығару және жеткізу қызметтерін қоспағанда, жұмысқа тыйым салынады. Жұмыс күндері уақыты бойынша шектеу сағат 7.00-ден 22.00-ге дейін үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 30 отыратын орыннан аспайтын және жазғы алаңдарда 50 орын.
		«ASHYQ» жобасының қатысушылары сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін жұмыс істейді. үстел арасындағы 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 50-ден аспайтын орын және жазғы алаңдарда 50 орын толтырылған кезде.
44.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	тыйым салу, «ASHYQ» жобасына қатысушыларды қоспағанда, ҚР БМСД 25.12.2020 ж. № 67 қаулысының 9-қосымшасына сәйкес

		мәдениет объектілеріне қойылатын талаптарды қатаң сақтай отырып
45.	ХҚҚО, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері	Маска режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, сенбі, жексенбі күндері жұмысына тыйым салу, жұмыс күндері 9.00 ден 18.00 ге дейін уақытын шектеу, жазба бойынша
46.	Цирктер	тыйым салу
47.	Балалар ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), оның ішінде СОСО, СҮ орналасқан	тыйым салу
48.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	тыйым салу
49.	Көрермендерсіз спорттық іс-шаралар өткізу	ақпараттық қамтамасыз етудің, қатысушыларды COVID-19 ға міндетті ПТР зерттеу
50.	Банкет залдары, түнгі, ойын және лото клубтары, караоке	тыйым салу
51.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, отбасылық, естелік іс-шаралар, еске алу, конференциялар, форумдар, жиналыстар, көрмелер және т.б басқалар	тыйым салу